

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области
лингвистики и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

Б. Сағындықұлы, Г. Сәкенова

Павлодар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ӨРНЕКТІ СӨЙЛЕМДЕР СИНТАКСИСІ

Бұл мақала қазақ тілі синтаксисінің жаңа саласын танытуға бағытталған. Мақала авторларының түйіндеуінше, қазіргі қазақ тілі синтаксисі сөзтұлға, сөз тіркесі және сөйлем синтаксисі ретінде әбден танылып болды. Ал «орамды сөйлемдер» синтаксисі мен «өрнекті сөйлемдер» синтаксисі атты сала атаулары жалпы синтаксисті тиянақтап тұруы қажет. Тек осы жағдайда ғана бірбүтін синтаксистік құрылым жинақталатын болады.

Аталған тақырып атауы А. Байтұрсынұлының ұсынымындағы пәнсөзбен берілді. Әрі сол ғалымның ғылыми тұжырымдарын бекітуге арналды. Нәтижесінде, ғалымның «өрнекті» деп тапқан сөйлемдері синтаксис саласының ең жоғарғы түріне сәйкесетіні анықталып, оның ішкі құрылым бөліктері дәлелденді. Ғалымның ғылыми тұжырымдары нақты мысалдармен тиянақталды.

Кілтті сөздер: мәтін, мәнмәтін, мәтін синтаксисі, орамды сөйлемдер, өрнекті сөйлемдер, құрмалас сөйлемдер, сөйлемдер байланысы, мағыналық қатынас, байланыстырушы құралдар.

Кіріспе

Қазіргі уақыт гуманитарлық ғылым салаларының өзара және жеке дара дамуына жол ашқан мезгіл. Әсіресе, жеке ғылым саласының басталу тарихы, кейінгі даму үдерісі және оның бүгінгі қабілеттілігі мен белсенділігі сыналар тұс десек те болады. Сондай ғылым саласының бірі – қазақ тіл білімі, оның ішінде синтаксис саласы екені де ақиқат. Орыс миссионерлерінің ұстанымындағы алғашқы еңбектерін есепке алмай, қазақ ғылымындағы дара тұлға А. Байтұрсынұлының қайта-қайта басылым көрген еңбектеріне көз жіберсек, бүгінгі күннің талабында сай келетін тұжырымды теориялар алатынымыз анық. Ғалым еңбектерінің жариялануынан аталған тақырыпты жаңғыртып, дүркін-дүркін мен мұндалатып тұрғанын байқаймыз. Бір қызығы, ғалым «өрнекті сөйлемдер» бірлігін тек қана тіл біліміне қарасты еңбегінде емес, әдебиеттануға арналған жұмыстарында да арқау етіп отырған. Осыдан да болса керек, қазіргі тіл ғылымы бағытындағы ғалымдардың тілдік,

әдебиеттану бағытындағы ғылым өкілдерінің тек әдебиеттік байымдаулармен шектеліп қалғанына куә болғандаймыз. Ал ғалым еңбегін жан-жақты қопара қараған ізденушіге әлі де боса табар/табылар теория кездесетіні ақиқат.

Зерттеудің нысаны: Алғашқы тілші ғалым А. Байтұрсынұлының «өрнекті сөйлемдер» – деп атаған синтаксистік бірлікке қатысты теориясын жаңғырту болып табылады. Бұл мәселе қазақ тілі синтаксисінің салалану үдерісіне өз ықпалын тигізеді.

Зерттеудің пәні – қазақ тілінің синтаксисі және сол арнадағы соны ғылыми тұжырымдарды қазіргі сұранысқа сай пайдалануды нығайту.

Мақсаты: Қазіргі ғылыми тұжырымдарды жинақтап, олардың А.Байтұрсынұлы ұсынымындағы терминдік атаудан бастау алғанын дәлелді түрде дәйектеу болып табылады.

Міндеттері. Жоғарыдағы қойылған мақсаттың іс-жүзінде орындалуы үшін мына мәселелер кезек күттірмейтін істер ретінде бағалануы қажет:

С. Аманжолов еңбектеріндегі тақырыпқа қатысты терминдер сараланады;

– Н. Сауранбаев еңбектеріндегі тақырыпқа қатысты терминдер сараланады;

– Т. Қордабаев еңбектеріндегі тақырыпқа қатысты терминдер сараланады;

– Басқа да ғылыми еңбектердегі тұжырымдар тарқатылуды қалайды.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі.

Аталған тақырып қазақ елінің егемендік алған уақытындағы шыққан мақалаларда болмаса, оқулық пен монографиялық еңбектерде қозғалған жоқ. Мұның себебін оқулық талаптары мен ғылыми еңбектердің тақырып өзгешеліктеріне байланысты болды десек те болады. Екінші жағынан, аталған тақырыпқа қатысты шыққан еңбектердің қазіргі терминденуге бас ұрып, жаңаша атауды серік етіп кетуінен бе екен деген де ой келеді. Мәселен, соңғы жетпіс жылдық қазақ тіл білімінің тарихында С. Аманжолов «период, абзац, шумақ, я болмаса сөйлеу» деп танытса [1], «длиноталар» деп атау Н. Сауранбаевта кездесті [2]. «Сөйлемдер шоғыры, сөйлемдер қосындысын» Т. Қордабаев еңбектерінен тапсақ [3], «күрделі синтаксистік единица» деп таныту Р.Сыздық еңбектерінен мәлім болды [4]. Ал жаңа атауланудың, атап айтқанда, мәтін (текст), мәнмәтін (контекст), күрделі синтаксистік бірлік (тұтастық, тұтасым) сияқты пәнсөздердің килігуі өз алдына бір бөлек әңгіме. Бұл айтылған ойлар, әрине, ғалым ұстанымдағы атауларды қолданыстан шығарып тастай алмайды. Қайта, күн, ай, жыл өткен сайын біздің арқа сүйер еңбектің бастауы А. Байтұрсынұлы тұжырымдары болып қала береді. Бүгінгі мақаланың айтар түйткілді тұсы да ғалымның бір ғана сөйлем (біздің түсінігімізде, сөйлемнің жоғарғы типі) түріне қатысты теориясы болмақ.

Ғалым А.Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» еңбегінде «орамды және өрнекті сөйлемдерді» атап, мысалдар арқылы дәлелдемелер келтірген [5, 310 б.]. Біз бұл жайтты «орамды сөйлемдер» астарына сыйдырып, мақала ретінде тарқатқанбыз [6]. Ал ғалымның «Әдебиет танытқыш» кітабында «өрнекті сөйлемдер» сөз өнері ғылымы аясында түсіндірілген. А. Байтұрсынұлы: «Сөйлеу әуезділігі түрлі сөздердің үндері орайласып ұнамды құралуынан болады. Олай құрастыру сөйлеушінің яки жазушының шеберлігін талғайды. Абайдың «тілге жеңіл» деген сөзі – бұлардың бәрі сөйлеу әуезділігіне тиісті сипат туралы айтылған сөздер. Сөз кестесі келсе, құлаққа жағымды болады. Құлаққа жағымды болуы әуезділік болады. Сондықтан да ондай сөздердің сөйлемдері өрнекті сөйлем деп аталады», – дейді [7, 294 б.]. Ғалымның өрнекті сөйлемі «Әдебиет танытқышта» барынша және жан-жақты ашылған. Әрі оның тілдік сипаттағы теорияларға сәйкесетінін және қосымша ой жүктейтінін осы мақала барысында тыңғылықты жеткізуді мақсат еттік.

Қазіргі қолданыстағы мәтін синтаксисінің о бастағы көрінісі «өрнекті сөйлемдерден» бастау алады [8]. Өрнекті сөйлемді қазақы танымға сәйкес дәстүрлі ұғымның аясында қарастырған А.Байтұрсынұлы «кестелі болып құрылған», «кілемге салған түр сияқты» деп жеткізген. Ғалым пікірінше, «Жай сөйлемді жайып, далитып, өрнекті сөйлемге айналдыруға болады. Үйткені өрнекті сөйлем қанша үлкен болғанымен, яғни ішіне кіретін сөйлемдер қанша көп болғанымен, бәріне қазық болатын бас пікір жалғыз-ақ болады. Ол пікірді көп сөйлеммен ұлғайтып айтуға да болады. Ол пікірді шағындап, аз сөйлеммен айтуға да болады» [7, 295 б.]. Демек, өрнекті сөйлемнің құрылымдық бөлшектері анық: жай сөйлемдік бірліктер, құрмалас сөйлемдік құрылымдар, болмаса осылардың жеке тұрып, я болмаса өзара байланысып біртұтас бірлік түзуі. Мәселен, төмендегі алты сөйлемнен тұратын мысалда «бәріне қазық болатын бас пікір» – алғашқы сөйлем де, қалғандары осы «бас пікірді» түсіндірудің қамын күйттеген. Келтірілген мысал өрнекті сөйлемдердің ішкі бөлшектерін анықтауға көмектеседі: Құдайменде қолына тиген болыстықты қастасқан кісіден кек алатын күштей көрді. Қолына болыстық тигелі, ертеректе есесі кетіп жүрген кісілерден кек ала бастады. Ел ішіндегі талай жақсының басына оның құрығы мен сырығы кезек тиіп келе жатыр. Құрығы әуелі Елеманға түсті. Енді бүгінгі күні ол құрығын Кәленге сілтеп еді. Бұл араға кіші інісі араласып, бітіп тұрған істің бетін қайырып тастады (Ә. Нұрпейісов).

А. Байтұрсынұлы өрнекті сөйлемнің ішкі бірліктерін «оралым» деп танытады: «Оралым екі мүшелі болады. Бір мүшесінде пікір тақырыбы болады да, екіншісінде пікір баяны болады. Сондықтан бастапқы тақырыпшы мүше делініп, екіншісі баяншы мүше делініп айтылады» [7, 295 б.]. Ғалымның мысалдық дерегі қазақ халық ауыз әдебиетінің жауһарлары мен Абай, Мағжан және өз өлеңдерінің мәтіндерімен толықтырылған. Оның

мысалдарын қайталап беріп, болмаса қазіргі әдеби шығармалардан мысалдар тартып, мақалалық жұмыстың бет санын көбейтуді көздемедік. Сондықтан да А. Байтұрсынұлының мәтінішілік құрылымдарға танған пән сөздерін (термин) негіз ете отырып, олардың кейінгі ғылыми ізденістерде қалай және қай бағытта дамығандығына назар аударуды жөн көрдік. Ең бастысы, мәтін құрылымындағы мағыналық қатынас А. Байтұрсынұлы тарапынан шешілген. Кейінгі қазақ тілі ғылымы ғалым ұсынымындағы мағыналық қатынастарды тек құрмалас сөйлемдік деңгейде түсіндіріп келген. Бәлкім, мұның себебін құрылымдық грамматика шеңберінен шыға алмауымыздан іздеген жөн де шығар. «Оралым» атты пәнсөз кейіннен Қ. Есеновтің қайта жаңғыртуымен қазақ синтаксисіне оралды. Бірақ жай сөйлемнің күрделену жолын көрсетті де, сөйлемдер байланысын анықтайтын мәтіндік түзілімде көрініс таппады.

1 А. Байтұрсынұлы терминдеуіндегі алғашқы мағыналық қатынас – «себепті оралым». «Себеп» пәнсөзі қазақ тілінің синтаксис саласында барынша пайдаланылды, әлі де қолданыс үстінде. Ең алдымен, сөйлем мүшесінің пысықтауыш түрін танытты да, дара құрмалас сөйлемнің екі түрінде де (салалас, сабақтас) барынша кәдеге жарап тұр. Мұнда алғашқы бөлік салдарлық қатынасқа негізделеді де, екінші бөлік соның себебін жеткізеді. Мәселен, Қ. Есенов пікірінше, «Себептес салалас құрмалас сөйлем сөйлем ішіндегі себеп пен салдардың өзара тығыз қарым-қатынасы негізінде жасалады. Осы ретте алғашқы компонентте оқиғаның себебі білінсе, соңғысында салдары (нәтижесі) айтылады. Мұндай қарым-қатынас керісінше де орын алады: алдымен салдары хабарланса, одан кейін іс-әрекеттің себебі баяндалады» [9, 27 б.]. Ал А. Байтұрсынұлы себеп мәнін мәнмәтінге алғаш алып келген, әрі оны нақты мысалмен дәлелдеген ғалым болып отыр.

2 А. Байтұрсынұлы терминдеуіндегі келесі мағыналық қатынас – «мақсатты оралым». «Мақсат» пәнсөзі де құрмалас түрінің сабақтас сөйлемінде кең кездесіп, нақты жасалу жолы арқылы тарады: «Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің бір түрі ретінде алғаш рет 1939 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» атты оқулықта сөз болған. Содан бергі қарайғы оқулықта жарық көрген зерттеулердің барлығында (тек С.Жиенбаев еңбегінде ғана жоқ) біртектес мәнде баяндалып келеді. Солардың барлығында мақсат бағыныңқылы сабақтас деп бағыныңқы компоненті басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің, оқиғаның болу я болмау мақсатын білдіретін сабақтас құрмалас сөйлемді айтады» [10, 131 б.]. Ал А.Байтұрсынұлы: «Өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесін мақсаттай баяндайды» – деп жинақтайды [7, 297 б.]. Демек, мәтіндік түзілімнің алғашқы бөлігі мақсат қояды да, келесі бөлік/бөліктер қойылған мақсаттың орындалуындағы іс-әрекеттерді қамтиды.

3 А. Байтұрсынұлы терминдеуіндегі үшінші мағыналық қатынас

–«ұқсатпалы оралым». Бұл пәнсөз 1960 жылдары салыстыру арқылы байланысқан құрмаласқа қарата айтылып, салыстырмалы сабақтас пен салаластың пайда болуына әкелді. Ал А. Байтұрсынұлы меңзеуіндегі өрнектілік әлі де зерделене қойған жоқ. Ғалым бұл сөйлем түріне екі сөйлемнен тұрған мәнмәтін беріпті. Сөйлемаралық салыстыру аспектісі тым жоғары. Қараңыз: Қыстың сықырлаған аязын, түтеген алай-түлей боранын, қызыл үсірік суығын бастан кешіріп, жазға жетіп, жадыраған шуақта, балбыраған жасыл шөпте жан-жануарлардың бәрі рақат тауып, жаны қандай жайланады. Сондай-ақ, қатал тәртіп, қатты қол, қанішер өкіметтен қысымшылық көрген халықтар азаттыққа жетіп, жаны жай тапты. Екі сөйлемді байланыстыру «сондай-ақ» қыстырма сөзіне жүктелген де, ішкі салыстыру «рақат тауып» пен «жаны жай табуға» байланған. Қайталай айтсақ, мәнмәтіндік мұндай салыстыру келешек зерттеудің тақырыбы болуы керек деп білеміз.

4 А. Байтұрсынұлы терминдеуіндегі төртінші мағыналық қатынас – «қайшы оралым». Қайшылық немесе қарама-қарсылық тілдің лексикалық (антоним) және грамматикалық құрылымында айқын көрініс тапқан. Оның синтаксистік құрылымдағы көрінісі, әсіресе құрмалас түрлері арқылы, жиі сипатталып келді. Ал А. Байтұрсынұлы көрсеткендей, қайшы оралымдық мәнмәтін талдауға түскен жоқ. «Өрнекті сөйлемнің тақырыпты мүшесі мен баяншы мүшесіндегі пікір бір-біріне қарсы мағынада болса, қайшы оралым деп аталады» деген ой-тұжырымның басы әлі де ашық тұр [7, 299 б.].

5 А. Байтұрсынұлы терминдеуіндегі тағы бір мағыналық қатынас – «шартты оралым». Шарттылық та кемі екі бірліктің, яғни «...баяншы мүшесінде болжал себеп шарт болып, тақырыпшы мүшесінде болжал салдар болса, оралым шартты» болуына негізделеді [7, 300 б.]. Аталған сөздің пәнсөз ретінде де, жеке сөйлемдік бірлікті таныту қызметі де өткен ғасырдың екінші жартысының еншісінде. Ал алғашқы «Қазақ тілінің программасы» бұл пәнсөзді орнықтырудың бірінші қадамын жасады десек болады. Оқу комиссары бекіткен бұл программаның құрмалас сөйлемге арналған 32 сағаттық ұсынысында салалас құрмалас сөйлемнің шарт-жағдай түрі көрсетілген [11, 330 б.]. Мұнан кейінгі уақытта аталмыш пәнсөз барынша құрмалас сөйлемдік бірлікті танытуда қызмет атқарып келеді.

6 А. Байтұрсынұлы терминдеуіндегі мағыналық қатынастың енді бірі – «жалғасыңқы оралым». Бұл оралым түріне телінген пәнсөз жоғарыда аталған «программа» анығырақ жазылды. «Програм» құрастырушысы Қ. Жұбанұлы салалас құрмаластың осы түрін егжей-тегжейлі көрсетті: «Ыңғайлас сөйлемдердің біреуінің хабары басқаларының бәрін де өз ішіне алатын жалпы хабар болады – бір сөйлемі жалпы сөйлем болады; жалпы сөйлем алдымен айтылып, өзгелері одан кейін айтылуы да мүмкін; жалпы сөйлем ең артынан қорытқы сөйлем боп айтылуы да мүмкін» [11, 330 б.]. Ғалым

А. Байтұрсынұлындағы баяншы мен тақырыпшы мүшенің «тіркес мағынада» келуі С. Аманжолұлы тарапынан іліктес салалас ретінде берілді. Ал кейінгі оқу құралдары бұл сөйлем түрін түсіндірмелі құрмалас деп танытуға көшті.

7 А. Байтұрсынұлы терминдеуіндегі мағыналық қатынас «серіппелі оралым» деп те танытылды. Бұл пәнсөз онан кейінгі уақытта қолданыста болған жоқ. Бірақ «серіппелі» пәнсөзін мәнмәтінаралық бірліктердің сатылы байланысуындағы қызметіне жақындатуға болатын сияқты. Мәселен, төмендегі мәнмәтін бірліктері бірінен-бірі туындап, тек соңғы қорытынды бөлікте ғана тосырқайды: Баяндамашы азамат осы сарынды сөзді көп сөйледі. Оған жиналыстағылардан түрлі сұраулар беріліп, мәселені жан-жағынан сөзғыласып жатты. Сұраулар біткен соң, баяндаушының сөзі бойынша айтыс сөздер басталды. Біреу баяндаманы «қанағаттанарлық» деп тапты. Біреулер «қауым жұмысының жүрмеуі – басқарманың салақтығынан» деп, жұмыстың барлығына мысықша көзін жұмды. Оны біреуі «теріс» деді. Сүйтіп, кез келгені керілдеп сөйлеп, қызыл кеңірдек болып талқыласып жатты (І. Жансүгіров). Ал ғалым көрсетуіндегі «Өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесіндегі пікірді кеңінен толғай баяндаса, серіппелі оралым деп аталады» [7, 303 б.].

8 А. Байтұрсынұлы терминдеуіндегі келесі мағыналық қатынас –«айырықты оралым». Бұл пәнсөз де қазір қолданыста жоқ. «Өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесіндегі пікірді екі ұштылай баяндаса оралым айырықты деп аталады» деген ғалым мынадай мысалды келтірген: Қазақ өнерсіз халық бола тұра, көпке дейін бөтен жұрттарға бағынбай келгенін түрлі жоруға болады: не бұрынғы заманда қазақ мықты халық болған деп, не көшпелі болғаннан сынаптай сырғып, ешкімнің қолында тұрмаған деп, не ауданы үлкен кең дала, ол замандағы айналасындағы көрші жұрттардың уысына сыймаған деп [7, 304 б.]. Қазақ синтаксисінің танымында мұндай мысалдық дерек аралас құрмалас сөйлем деп танылды да, мағыналық жағынан түсіндірмелі аралас сөйлем деп бекітілді. Дегенмен айырықты оралымның мәнмәтіндік жұмсальмын жоққа шығарудың ешқашан орны бола қоймайды.

9 А. Байтұрсынұлы терминдеуіндегі соңғы мағыналық қатынас түрі –«қорытпалы оралым». Бұл пәнсөз де, пәнсөзге қатысты ұғымдық тұжырым да кейіннен қарастырылмады. Мұнда, атында тұрғанындай, қорытынды сипат болса керек. Ғалым мысалы да жеке сөйлемдік құрылымға бағыныпты да, ішінара салыстыруға негізделгендей сипатталыпты.

Саралай келгенде, А. Байтұрсынұлы ұсынымындағы өрнекті сөйлемдерге ынта қоя отырып, бүгіннен бастап шешімін күтіп отырған тұжырымдар бар екенін байқадық. Ол, ең алдымен, синтаксистік бірліктердің ара жігін ашу болып табылады. Мәселен, жай сөйлемдер, сол сияқты дара құрмалас сөйлемдер, тіпті, орамды сөйлемдердің ішкі бірліктері болып табылатын көп құрамды құрмалас сөйлемдер, өз алдына қолданылып жеке синтаксистік

бірлік болып танылады. Бұлар өзара немесе жеке-жеке байланысқа түсіп, өрнекті сөйлемдердің де құрамына енеді. Демек, мәнмәтіндік құрылым сөйлемдер байланысына тәуелді. Яғни, өрнекті сөйлемдер деп танылған бірліктер кемі екі сөйлемдік бірліктің байланысынан тұратындығын қабылдағанымыз абзал. Әйтпегенде, ондай бірліктің не жай сөйлем, не құрмалас сөйлем, немесе орамды сөйлем екені анықталмай қалады.

Екінші бір айтар жағдай мынау: А. Байтұрсынұлы зерттеулерінен кейін мәтіндік, мәнмәтіндік ізденістерге қазақ ғалымдары барып отырды. Бірақ мәнмәтіннің ішкі бірліктерінің байланысуларынан мағыналық қатынасты іздеуге ешқайсысы қалам тартқан жоқ. Бұл осы тақырыптың күрделілігінен туындаған жайт болса керек. Болмаса құрмалас сөйлемнің мағыналық қатынасын жіті аңғарған ғалымдар мәнмәтіндік мағыналық қатынасты шешуге де мүмкіншілігі жетер еді деп білеміз.

Үшінші жағдай сол, мәтіндік, мәнмәтіндік зерттеулер болмады емес болды. Тіпті, тарихи шығармаларды зерттеуде мәнмәтін мәселесі қаралып отырды (Т. Қордабаев). Абай шығармаларын таразылауда да мәнмәтіндік құрылым анықталып отырды (Р. Сыздық). Қазіргі қазақ тілінің зерттелуінде де бұл тақырып кенже қалған жоқ (Б. Шалабай, О. Бүркітов, Ж. Жакупов, Ж. Қайшығұлова). Солай бола тұра, алғашқы тілтанымпаз А. Байтұрсынұлы танытқан мағыналық қатынас мәселесі зерттеуден кенжелеп қалды. Ал жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектері мәнмәтін ішіне енетін бірліктердің қалай байланысатынын шешуге басты назар аударып отырды.

Қорытынды

А. Байтұрсынұлының мәнмәтіндік мағыналық қатынасты айқындауы дер кезінде айтылғанымен, қоғамдағы саяси көзқарастардың орын алуымен дамудың жолына түспей қалды. Бірақ ғалымның мәнмәтіндік тұжырымдары синтаксистің басқа саласында, нақтырақ айтсақ құрмалас сөйлем түрлерін мағыналық топтастыруда жарыса қолданылып келді. Екінші жағынан, ғалымның көп сөйлемдік байланысудағы мәнмәтіннен бір ғана мағыналық қатынасты шешуі кейінірек те орын ала алмады. Мәнмәтіннен мағыналық қатынасты тануға талпыныс болды, бірақ іс жүзінде таразыланбай, тек атап қана қою орын алды. Мәселен, өрнекті сөйлемдік құрылымдарға сәйкес келетін сөйлемдерді «сөйлемдер қосындысы» деп атаған Т. Қордабаев пікірінше, «Сөйлем бір-бірімен жалғаулықтар, немесе жалғаулық мәніндегі сөздер арқылы байланысады. Бірақ сөйлемдер қосындысының бұл түрін жалғаулықты салалас сөйлеммен шатастырмау керек. Жалғаулықты салалас сөйлемдерде жалғаулық тек екі жай сөйлем арасында ғана келетін болса, мұнда ол құрмалас пен құрмаласты, я құрмалас пен жай сөйлемдерді құрмаластырады. Және бұлардағы компоненттердің мағыналық қатынастары құрмаластағыдай бір түрлі ғана болмайды, бірнеше түрлі

мағыналық қатынастар қос қабаттасып тұрады» [12, 197 б.]. Ақиқатында, А. Байтұрсынұлы дәлелдегеніндей, мәнмәтіндік құрылымдағы мағыналық байланыс бірыңғай қатынасты: себепті, мақсатты, ұқсатпалы, қайшы, шартты, жалғасыңқы, серіппелі, айырықты, қорытпалы. Ал Т. Қордабаев мәнмәтіндік бөліктерден жеке сөйлемдерді танып, әрқайсысының байланысуынан мағыналық қатынас іздейді. Содан барып, «қос қабаттылыққа» ұрынады.

Шын мәнінде, мәнмәтіндік құрылым үш бөліктен тұрады. Бастапқы бөлік. Ол жалпылама түрде айтылады да өзінен кейінгі сөйлемдер қосындысы арқылы түсіндіріледі. Өзінен кейінгі сөйлемдер қосындысын ортаңғы бөлік деп атасақ та болады. Соңғы немесе қорытынды бөлік те бір немесе бірнеше сөйлемнен тұрып, жалпы пікірді тиянақтайды. Мұндайда әр сөйлемнің байланысынан мағыналық қатынас іздеу тыңғылықты ғылыми шешім болып табылмайды. Сондықтан А. Байтұрсынұлы таныған/танытқан кез келген мағыналық қатынасты қазіргі уақытта барынша зерделеу қажет. Тіпті, бұлардың әрқайсысы жеке-жеке ғылыми ізденіске сұранып тұр.

Екіншіден, ғалым ұсынымындағы пәнсөздердің дені жаңа сөздер. Сондықтан «баяншы, тақырыпшы, серіппелі, айырықты, қорытпалы» деген пәнсөздерді қайта айналымға кіргізудің жолын қарастырған жөн деп білеміз. Ал «ұқсатпалы, жалғасыңқы» пәнсөздері кейіннен басқа аталым ретінде танылғанын мойындай отыра, қажет болса оларды қайта жаңғырту тарихи ақиқаттылыққа жүгінгенімізді білдірер еді деп ойлаймыз.

Қорыта келгенде, мақалалық жұмыс өрнекті сөйлемдер деп аталатын синтаксис саласын дамытады. Екінші жағынан, А. Байтұрсынұлының ұсынымындағы пәнсөздерді орнықтыруға көмектеседі. Үшіншіден, ғалым ұсынымындағы оралым түрлерін өрнекті сөйлемдер синтаксисінің негізгі бірліктері ретінде жетелеуге алып келуі тиіс. Ал оралым негізінде танытылған мағыналық қатынас түрлері түбегейлі қайта қарастыруға жетелейді деп білеміз.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Аманжолов, С.** Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы : «Санат» баспасы, 1994. – 320 б.

2 **Сауранбаев, Н.** Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. Алматы : ҚазССР Ғылым академиясының баспасы, 1948. – 86 б.

3 **Қордабаев, Т.** Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі (XIX ғасыр жазбалары негізінде). – Алматы : Ғылыми-методика кабинеті, 1966. – 168 б.

4 **Сыздықова, Р.** Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы : «Ғылым» баспасы, 1970. – 176 б.

5 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы. – Алматы : «Ана тілі» баспасы, 1992. – 448 б.

6 Сағындықұлы, Б. Қазақ тіліндегі орамды сөйлемдер // «Профессор Қ.Жұбанов және қазіргі тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме саласындағы ғылыми-әдіснамалық зерттеулер» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы : ҚазҰПУ баспасы, 2015. – 574–577 б.

7 Байтұрсынұлы, А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ. Әнес. – Алматы : «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.

8 Сағындықұлы, Б. Қазақ тіліндегі синтаксис саласының саралану мәселесіне // Көкшетау : Ш.Уәлиханов атындағы КМУ хабаршысы. Филологиялық сериясы. № 2, 2020. – 97–102 бб.

9 Есенов, Қ. Құрмалас сөйлем синтаксисі. – Алматы : «Білім» баспасы, 1995. – 136 б.

10 Қордабаев, Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі. – Алматы : «Санат» баспасы, 1995. – 176 б.

11 Жұбанұлы, Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы : «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.

12 Қордабаев, Т. Тарихи синтаксис мәселелері (XV–XVIII ғасырлар материалдары бойынша). – Алматы : «Ғылым» баспасы, 1995. – 244 б.

References

1 Amanjolov, S. Qazaq ädebî tili sintaksisiniñ qısqaşa kwrsı. [Amanzholov S. brevis cursum in syntax de Kazakh litteratus]. – Алматы : Sanat Press, 1994. – 320 p.

2 Sauranbaev, N. Qazaq tilindegi qurmalas söylemder jüyesi. [Sauranbaev N. The system of compound sentences in the Kazakh language]. – Алматы : editoria Academia Scientiarum Fennicae de Kazakh ad SR, 1948. – 86 p.

3 Kordabaev, T. Qazaq jazbaları tiliniñ sintaksisi (XIX ғasıır jazbaları negizinde). [Kordabaev T. Syntax of the Kazakh written language (based on the writings of the XIX century)]. – Алматы : Scientific-methodical office, 1966. – 168 p.

4 Sızdıqova, R. Abay öleñderiniñ sintaksistik qurılısı. [Syzydkova R. Syntactic structure of Abai's poems]. – Алматы : Gylym Publishing House, 1970. – 176 p.

5 Baytursynov, A. Til tağılımı. [Baitursynov A. Language lessons]. – Алматы: Ana tili Press, 1992. – 448 p.

6 Sağındıqulı, B. Qazaq tilindegi oramdı söylemder // «Professor Q.Jubanov jäne qazirgi til bilimi, ädebiettanw jäne ädisteme salasındağı ғilimī-ädisnamalıq zerttewler» attı Xalıqaralıq ғilimī-praktikalıq konferenciya materialdarı. [Sagyndykuly B. Round sentences in the Kazakh language // Proceedings of the International scientific-practical conference «Professor K. Zhubanov and scientific and methodological research in the field of modern linguistics, literary criticism and methodology». – Алматы : KazNPU Publishing House, 2015. 574–577 p.

7 **Baytursynuly, A.** Qazaq til biliminiñ мәseleleri. [Baitursynuly A. Problems of Kazakh linguistics. / Compiled by: G. Anes]. – Almaty : Abzal-Ai Publishing House, 2013. – 640 p.

8 **Sağındıqulı, B.** Qazaq tilindegi sintaksis salasınıñ saralanw мәselesine. [Sagyndykuly B. On the problem of differentiation of syntax in the Kazakh language]. Valikhanov. Philological series. № 2, 2020. – P. 97–102.

9 **Esenov, Q.** Qurmalas söylem sintaksisi. [C. Esenov Syntax of compositis sententias]. – Almaty : Bilim Press, 1995. – 136 p.

10 **Qordabaev, T.** Qazaq tilindegi qurmalas söylemder sintaksisi. [Kordabaev T. Syntax of compound sentences in the Kazakh language]. – Almaty : Sanat Publishing House, 1995. – 176 p.

11 **Jubanulı, Q.** Qazaq til biliminiñ мәseleleri [Zhubanovich K. Problems of Kazakh linguistics / Compiled by: G. Anes]. – Almaty : Abzal-Ai Publishing House, 2013. – 640 p.

12 **Qordabaev, T.** Tarixi sintaksis мәseleleri (XV–XVIII ғasırlar materialdarı boyınşa). [Kordabaev T. Problems of historical syntax (based on the materials of the XV–XVIII centuries)]. – Almaty : Gylym Publishing House, 1995. – 244 p.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

B. Сағындықұлы, Г. Сакенова

Синтаксис «узорных» предложений в казахском языке

Павлодарский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 10.12.20.

B. Sagyndykuly, G. Sakenova

Syntax of patterned sentences in Kazakh language

Pavlodar Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 10.12.20.

Данная статья направлена на представление нового вида синтаксического строя в казахском языке. По мнению авторов статьи, в современном казахском языке такие термины как, синтаксис словоформы, синтаксис словочетания и синтаксис предложения уже полностью изучены. А вот понятия, как синтаксис предложений многочленной структуры (орамды) и синтаксис «узорных» (орнекті) предложений, иначе говоря, синтаксис сложного синтаксического целого, требует уточнения. И только в таком случае образуется полная целостная синтаксическая структура.

Вышеназванная тема статьи представлена из термина предложеного А. Байтурсыновым, и направлена на утверждение научных выводов ученого. В итоге данной работы определено, что «узорные предложения» соответствуют требованиям синтаксиса и должны считаться одним из высших его видов. В статье уточнен внутренний состав «узорных» предложений. Выводы ученых доказаны на основе тщательно приведенных примеров.

Ключевые слова: текст, контекст, синтаксис текста, предложения многочленной структуры, «узорные» предложения, сложное предложение, связь в предложении, синтаксическое отношение, связывающие методы.

This article is aimed at introducing a new direction of syntax of the Kazakh language. According to the authors of the article, in the modern Kazakh language, the terms such as, word form syntax, phrase syntax and sentence syntax are already fully defined concepts. But concepts like syntax of (multi-component) and the syntax of «patterned sentences» should generally be clarified. Thus, only in this case, a complete integral syntactic structure is formed.

The above-mentioned topic is presented from the term proposed by A. Baitursynuly. It is aimed at approving the scientific conclusions of this scientist. As a result, this article defines that «patterned sentences» should be considered one of the highest types of syntax and clarifies the internal composition of these sentences. The scientist's conclusions are proved on the basis of carefully given examples.

Keywords: text, context, text syntax, polynomial structure sentences, «patterned» sentences, complex sentences, relation in a sentence, syntactic relation, linking methods.

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz